

Тақырыбы: Архаикалық
мәдениет
Топ: ЛЭ-18.1.1



Жоспар:

1. Алғашқы қауым мәдениеті және оның сипаттамалары





2. Миф-мәдениетінің бір түрі



Архаика (грек. *ΑΡΧΑΪΚΥΣ* — ескі, көне) — өнер дамуының көне замандағы арнайы түрі. Өнертану ғылымында Архаика атауымен ежелгі грек және мысыр өнерін атайды. Архаика — монументті бейнелеу өнері мен сәулеттік пішіндердің қалыптасқан кезеңі. Ол кезеңде бағандармен қоршалған периптер типтегі ғимараттар мен ордерлер жүйесі (дори және ионика) құрылды. Б.з.б. 6 ғасырдың 3-ширегінде құмыра жасау өнерінің қара фигуралы, яғни балшықтан жасалған құмыраны тұтас қарамен бояп, соның үстінен өткір пышақпен бедер салу мәнері гүлденді. Бұл өнер [Африка](#) елдерінің кейбірінде осы күнге дейін бар.





Архаикалық мәдениет — адамзат мәдениетінің бастамасы. Архаикалық мәдениет қашан және қай жерде пайда болды? Бұл сұрақтарға нақты жауап беру оңайлыққа соқпайды, өйткені адамның қалыптасу процесінің тарихы тереңде, сонау көне заманда жатыр. Ақиқатқа жүгінсек, қазіргі антропология ғылымының өзі де адамзат баласының қалыптасып, дамуына байланысты туындайтын көкейтесті мәселелерге егжей-тегжейлі жауап бере алмайды. Алғашқы қауымдық құрылыс адам баласының өсіп дамуындағы, адамдық жолға түсе бастауының ең алғашқы кезеңі болды және оның жүздеген мыңжылдықтарға созылғаны ақиқат. Оған басты дәлел ретінде адамдардың ең алғашқы еңбек құралдарының пайда болғанына 2,5 миллион жылға жуық уақыт өткендігін айтсақ та жеткілікті

Алғашқы қауымдық құрылыс жүз мың жылдарға созылды. Ің алғашқы еңбек құралдары бұдан 2,5 млн. жыл бұрын пайда болды. XIX ғасырда белгілі болғандай алғашқы қауымдық құрылыс бірнеше кезеңнен: тас, мыс, қола және темір дәуірлерінен тұрған. Соңғы ғылыми деректерге қарағанда, қазіргі адамдар кейіпі бұдан 140–145 мың жылдай бұрын қалыптасқан. Ғалымдардың пікірінше, қазіргі адамдар мен неандертальдықтардың ата-бабасы маймылдан немесе маймыл тектес жандардан таралған, алайда олар бір-бірінен бұдан 500 мың жылдай бұрын бөлініп кеткен. Содан кейін неандертальдықтар құрып кеткен. Алғашқы қауымдық мәдениеттің белгілері мынадай болды: дайын өнімдерді дайындау емес, иелену; еңбек құралдарының жетілмегендігі; адамдардың бірігіп еңбектенуі; алғашқы қауымдық коммунизм. Алғашқы қауымдық коммунизм дегеніміз – қолда бар байлық ол кезде бәріне ортақ болатын.




Жабайы ат



Бизонды аулау



Жартастың кескіндемесі



- Алғашқы қауымдық мәдениетке **синкретизм** тән. Алғашқы қауымдық мәдениеттің синкреттігінің (бөлінбеушілік) мәні сол – табиғат олармен біртұтас жаратылған, жаны бар нәрседей қабылданады. Адам өзін жануарлармен және өсімдіктермен бөлінбес бірлікте қарастырды. Алғашқы даму кезеңіндегі қоғамда **матриархат** (грекшеден аударғанда – “ананың билігі”) үстемдік етті. Еңбектің күрделіленуі, металлургияның дамуы, қару жарақтың жетілуі біртіндеп **патриархатқа** (“әкенің билігі”), яғни еркектің үстемдігіне алып келді. Еркектің үстемдігімен мықты отбасы қалыптасты. Келекеле **экзогамия** үстемдік алып, **эндогамия** жоғалды.

Миф – мәдениеттің бір түрі

Грек тілінде “**миф**” сөзі – “аңыз”, “ертегі” мағынасын береді. Мифте мәдениеттің бір түрі болып табылады. Миф дінмен тығыз байланысты. Олар ертегі емес, өйткені жұрт оларға дінге сенгендей сенеді.



Мифтер қалай пайда болды деген сұрақтар туындайды?

Жауабы:

- 1.Адамдар табиғат күшіне төтеп бере алмағандықтан.
2. Адамдармен байланысты болып жатқан жер бетіндегі табиғи құбылыстар, өзгерістерді түсіндіре алмағандықтан
- 3.Адамдар табиғатқа, жануарларға жақын болғандықтан.

Мифтерде **мистика** және **магия** орын алады. Мифтерде құдайлар, батырлар, ерекше қасиеті бар адамдар, жануарларлар мен жауыз күштер әрекет етеді. Мифтер бірнеше түрге бөлінеді: ғарыштық, қалалардың пайда болуы туралы, дүниеге келу және кету т.б туралы. Ғарыштық мифтерде әлемнің қайдан пайда болғаны түсіндіріледі. Оларға мифологиялар тән:

1. Скандинавия мифологиясы



2. Жапон мифологиясы

3. Индия мифологиясы



4. Египет мифологиясы



5. Ежелгі Грек мифологиясы.



6. Ацтектердің және Майялардың мифологиясы

**Назарларыңызға
рахмет!**